

Қазақстан Республикасының 1996-2000 жылдарға арналған экономикалық стратегиясын әзірлеу және оны жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 21 маусымдағы N 852

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес және экономикалық стратегияны, экономикалық ілгері басуды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеу және осы негізде халықтың 1996-2000 жылдардағы әл-ауқатын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі министрліктермен, ведомстволармен, облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен бірлесіп, мемлекеттік басқарудың басқа органдарының, мемлекеттік емес құрылымдардың және ғылыми ұйымдардың қатысуымен Қазақстан Республикасының 1996-2000 жылдарға арналған экономикалық және әлеуметтік дамуының индикативтік жоспарының (бұдан әрі - индикативтік жоспар) жобасын 1995 жылғы 1 тамызға дейін талдап әзірлесін және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсынсын.

Индикативтік жоспар жобасын әзірлеген кезде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті шешімімен мақұлданған (Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Президиумының 1993 жылғы 28 желтоқсандағы мәжілісінің N 12-1 хаттамасы) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын индикативтік жоспарлау Тұжырымдамасы басшылыққа алынсын.

2. 1996-2000 жылдарға арналған индикативтік жоспар жобасының басты міндеті - өндірістің құлдырауын болдырмау, экономиканың орнықты тұрақтылығын, экономиканың одан әрі ілгері басуын және Қазақстан Республикасы халқының тұрмыс деңгейін арттыруды қамтамасыз ету деп саналсын.

Аталған басты міндетке сәйкес жоспар жобасын жасаған кезде мынадай түйінді проблемаларды шешу қарастырылсын:

бірінші кезекте, төлемдер жасамау және кәсіпорындарды қаржы тұрғысынан сауықтыру проблемаларын шешу есебінен, өндірістің құлдырауын тоқтату, оның тұрақтануы мен экономиканың одан әрі ілгері басуын қамтамасыз ету үшін алғы шарттар жасау;

ішкі және сыртқы рыноктарда бәсекелесуге қабілетті өндірістер құру, елдің ресурстық және ғылыми-техникалық әлеуметін тиімді әрі ұтымды пайдалану;

прогрессивтік құрылымдық қайта құру, өнеркәсіп және ауылшаруашылығы өндірістерін технологиялық және ұйымдық жетілдіру;

қолайлы инвестициялық жағдай туғызу және тиімділігі жоғары өндірістерге

инвестицияларды ынталандыру арқылы экономикада құрылымдық өзгерістерді жандандыру;

рыноктардың (тауарлық, қаржылық, жұмыс күші, жылжымайтын мүлік және тұрғын үй, жұмыстар атқару, қызметтер көрсету, сондай-ақ басқаларының) кең жүйесін нысаналы әрі жан-жақты дамыту, нарықтық инфрақұрылымды қалыптастыру және қалыптасқан рыноктарды одан әрі жетілдіру үшін жағдай жасау;

әлеуметтік тұрғыда жол берілетін жұмыссыздық деңгейін ескере отырып, еңбек нарығында белсенді шаралар жүргізу;

төлемдік және қаржылық тәртіпті нығайту, республикаға валюталық түсімнің қайтарылуына мемлекеттік бақылауды күшейту;

интеграциялық процесстерді, мемлекетаралық экономикалық, өндірістік-техникалық және технологиялық байланыстарды дамыту;

қуатты жекеменшік секторын құру есебінен республика экономикасында шынайы бәсеке ортасын қамтамасыз ету, кәсіпкерлікті серпінді және нысаналы дамыту үшін жағдайды жақсарту, жекеменшік инвестициялар үшін жағдай жасау арқылы олардың іскерлік белсенділігін арттыру;

мемлекеттік меншікті қайта құру, экономиканың жетекші секторларында және материалдық өндіріс салаларында нарықтық тұрпаттағы жаңа құрылымдар құру;

маркетинг пен менеджменттің осы заманғы ақпараттық базасын құру;

мемлекеттік бағдарламаға сәйкес энергия үнемдеу жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

заем және кредиттер түрінде тартылатын шетелдік капиталды пайдаланудың тиімділігін арттыру. Тікелей шетелдік инвестициялардың құрылымын ұлғайту үшін жағдай туғызу;

бірінші кезекте күнкөрістің минимумы деңгейін қамтамасыз етуге, халықтың әл-ауқаты төмен жіктерін нысаналы қорғауға, әлеуметтік сала институттарын қолдау мен дамытуға бағытталған әлеуметтік саясатты жүргізу көзделсін;

нарықтық экономиканың талаптарын ескере отырып, жоғары және орта арнаулы білім беру жүйесінде кадрларды даярлауды, қайта даярлауды жетілдіру.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі министрліктерге, ведомстволарға, республикалық басқарудың басқа да органдарына, облыстардың және Алматы қаласының әкімдеріне 1995 жылғы 20 маусымға дейін:

а) 1996-2000 жылдарға арналған индикативтік жоспардың нысандары мен негізгі болжамдық өлшемдерін;

ә) жоспарлар әзірлеуде бағдар ретінде пайдаланылатын бастапқы экономикалық ақпаратты;

әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі мақсаттарын, басымдықтары және өлшемдерін;

жоспарланатын кезеңге арналған аса маңызды макроэкономикалық, демографиялық

және басқа да көрсеткіштердің бағдарлы болжамын жеткізсін.

4. Министрліктер, ведомстволар, облыстардың және Алматы қалалық әкімдері жалпы республикалық мақсаттар мен басымдықтар негізінде 1995 жылғы 15 шілдеге дейін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне, осы министрлік хабарлаған нысандар мен көрсеткіштер бойынша 1996-2000 жылдарға арналған салалар мен аймақтарды реформалау мен дамытудың индикативтік жоспарлар жобаларын табыс етсін.

Аталған жоспарлар жобаларының құрамында:

салалық және аймақтық басымдықтар мен міндеттер, оларға қол жеткізудің әдістері

;

экономиканың, ғылыми-техникалық, әлеуметтік-мәдени салалардың, елдің жекелеген аймақтарының, мемлекеттік және мемлекеттік емес секторлардың тиісті бағыттары мен салаларын дамыту жөніндегі ұсыныстар табы етілсін.

Жобалар мен ұсыныстарды әзірлеу кезінде 1 қосымшаға сәйкес аса маңызды бағыттар мен түйінді проблемалар жөнінде қабылдаған және жаңадан әзірленген тұжырымдамалардың, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалардың ережелері ескерілсін.

5. 1996-2000 жылдарға арналған индикативтік жоспар жобасын әзірлеудің тұтастығы, экономикалық жүйені одан әрі реформалаудың барлық негізгі бағыттарын жан-жақты әрі тереңдете пысықтау, экономиканы тұрақтандыру және дамыту үшін басқарудың орталық экономикалық, сондай-ақ салалық органдары 2 қосымшаға сәйкес тізбе бойынша болжамдық және бағдарламалық-мақсатты құжаттарды Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне 1995 жылғы 15 шілдеге дейін табыс етеді.

6. Облыстардың, Алматы қаласының әкімдері жоспардың жобасы бойынша ұсыныстар әзірлеген кезде мыналарды:

жергілікті шикізат, өндірістік, қаржылық және адамдарға қатысты әлеуетті кәсіпкерлік секторының мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, тиісті аумақтар экономикасының, аймақтық инфрақұрамдылық жүйелер мен тұрмысты қамтамасыз ететін жүйелердің кешендік дамуын;

жұмыс істеп тұрған және жаңа өндірістік күштердің ұтымды орналастырылуы мен дамуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар жүйесін;

аймақтық бағдарламалар мен жоспарлардың жалпы республикалық мақсаттармен, міндеттермен және басымдықтармен өзара байланысы және өзара іс-қимылын ескерсін.

7. Индикативтік жоспар жобасын қалыптастыру және оған қатысты ұсыныстар әзірлеген кезде министрліктер, ведомстволар, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері, мемлекеттік басқарудың басқа да органдары, ғылыми ұйымдар 1996-2000 жылдары:

орталықтандырылған мемлекеттік инвестициялар негізінен экономикалық инфрақұрылымдардың салалары мен объектілеріне және әлеуметтік секторға,

экспортқа бағытталған және технологиясы жоғары, қайтарымы тез жаңа өндірістерді республика үшін ұйымдастыруға, сондай-ақ, экологиялық апат өңірлеріндегі аймақтарды қолдауға бағыттайтын болады;

меншік нысаны мен қызмет түріне қарамастан, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды, ұйымдар мен өндірістерді қолдау және дамыту әдетте жинақталған өзіндік қор көздерінің, сондай-ақ ішкі немесе сыртқы заем қаржыларын тарту есебінен жүзеге асырылуы тиіс деген қағиданы негізге алады.

8. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті индикативтік жоспар жобасын әзірлеу үшін қажетті статистикалық және талдау ақпараттарының Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне берілуін қамтамасыз етсін.

9. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісіне 1996-2000 жылдарға арналған ақша-кредит саясатының болжамдық бағыты мен осы кезеңге арналған банктік жүйені дамыту жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне табыс ету, сондай-ақ министрліктің сұрау салуы бойынша 1996-2000 жылдарға арналған индикативтік жоспар жобасын әзірлеу үшін қажетті ақпарат хабарлау ұсынылсын.

10. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі министрліктермен, ведомстволармен, облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен және мемлекеттік басқарудың басқа да органдарымен, республиканың кәсіпорындарымен және ұйымдарымен бірлесіп, "Қазақстан Республикасының 1995 жылға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарын әзірлеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 29 сәуірдегі N 452 қаулысында белгіленген тәртіпке және мерзімге сәйкес, 1996 жылға арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың индикативтік жоспарын әзірлеуді қамтамасыз етсін.

11. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің:

1996-2000 жылдарға арналған индикативтік жоспар жобасын әзірлеу кезінде, оны қалыптастыру барысында берілетін бағдарламаларды, жобаларды және ұсыныстарды қарауда кешенді көзқарастағы бағдарды қамтамасыз ету үшін Экономика министрлігі жанынан экономикалық және салалық органдардың, жұмыс беруші одақтардың, ірі қаржылық және түрлі меншік нысанындағы өндірістік құрылымдардың бірінші басшыларының орынбасарлары қатарынан Экономикалық комиссия құру туралы;

Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің Экономикалық

комиссияның жеке құрамы мен ол туралы Ереже жобасын бір айлық мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізу туралы;

саны 100 адамға дейін қаладан тыс тұратын өкілдерді шақырып, индикативтік жоспар жобасын әзірлеу мәселелері жөніндегі республикалық кеңесті 1995 жылғы маусымда өткізу туралы ұсыныстары қабылданын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 21 маусымдағы
N 852 қаулысына
1 қосымша

Қазақстан Республикасының 1996-2000 жылдарға
арналған экономикалық және әлеуметтік дамуының
индикативтік жоспарының жобасын әзірлеуде
ескерілетін ұлттық (мемлекеттік) бағдарламалар
тұжырымдамаларының
Тізбесі

ҰЛТТЫҚ (МЕМЛЕКЕТТІК) БАҒДАРЛАМАЛАР

I. Бекітілгендері

Жаңа тұрғын үй саясатының және оны жүзеге асыру тетіктерінің мемлекеттік бағдарламасы ("Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 Жарлығымен бекітілген) Қазақстан Республикасында 1994-1996 жылдары кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың бағдарламасы ("Қазақстан Республикасында Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1994-1996 жылдарға мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі тапсырмалар мен шаралардың жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 тамыздағы N 912 қаулысымен бекітілген) Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 1993-1995 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған тұжырымдамалық бағдарламасы ("Қазақстан Республикасының

агроөнеркәсіп кешенінің дамытудың 1993-1995 және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған тұжырымдамалық бағдарламасын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 29 қарашадағы N 1196 қаулысымен бекітілген)

II Әзірленгендері

<*>

<*>

Ескерту: II бөлімдегі бағдарламалардың негізгі қағидалары экономиканың, оның нақтылы салаларының, жергілікті бюджеттердің, компаниялар мен кәсіпорындардың мүмкіншіліктеріне сүйене отырып, нақты салалық жоспарлар жобаларын әзірлеу кезінде ескерілуі тиіс.

Отын-энергетика кешенінің салаларын дамыту

Металлургия кешенінің салаларын дамыту

"Қазақстан алтыны"

Рынокты халық тұтынатын тауарлармен және азық-түлікпен қанықтыру

Көлік пен байланысты дамыту

Ауыл шаруашылығын қолдау және рынокты азық-түлікпен қанықтыру

Шағын село индустриясын дамыту

Қазақстанның технологиялық шапшаң даму бағдарламасы

Табиғатты ұтымды пайдалану

1994-2010 жылдардағы "Қазақстан орманы"

Туризм индустриясын дамыту

Тұрмыстық және ақылы қызмет көрсетуді дамыту

Халықтың әлеуметтік жағдайы нашар жіктерін мемлекеттік қолдау және жұмыссыздықты қысқарту

Жұмыспен қамтамасыз ету

Мәдениетті, білім беруді, денсаулық сақтауды, және мәдениеті мен спортты мемлекеттік қолдау

Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібін дамыту бағдарламасы

Жүннен жасалған халық тұтынатын тауарлар өндірісі жөніндегі

ұқсатушы өнеркәсіпті дамытудың 1994-2000 жылдарға арналған бағдарламасы

Нарықтық қатынастар жағдайында Қазақстан Республикасында қой шаруашылығын тұрақтандырудың 1994-2000 жылдарға арналған бағдарламасы

III. Әзірленіп жатқандары

Қазақстан Республикасының экономикасын құрылымдық жағынан қайта құру үшін шетел капиталын тарту мен пайдаланудың мемлекеттік бағдарламасы

Қазақстанның экспорттық әлеуетін дамыту

Импортты алмастыратын өндірістерді дамыту

Энергия қорын үнемдеудің мемлекеттік бағдарламасы

Талантты кадрларды дайындаудың мемлекеттік бағдарламасы ("Дарын" бағдарламасы)

1995-1997 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттің әлеуметтік саясаты жөніндегі ұлттық бағдарламасы

Халық көші-қонының мемлекеттік бағдарламасы

Еңбек жағдайларын жақсарту және қорғау жөніндегі 1996-1998 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама

Медициналық және фармацевтік өнеркәсіпті дамытудың мемлекеттік бағдарламасы

Қазақстан Республикасы мүгедектерін әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі 1995-1997 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарлама

Бұқаралық спортты дамытудың 1996-2004 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Қорғаныс өнеркәсібін конверсиялаудың республикалық бағдарламасы

Қазақстан Республикасының кәсіпорындарында агроөнеркәсіп кешені үшін қажетті машиналар мен құрал-жабдықтар дайындау бағдарламасы

Қазақстан Республикасы ғылымының кадрлық әлеуетін сақтау және оны дамыту бағдарламасы

Қазақстан Республикасының экономикасын монополиясыздандыру жөніндегі іс-шаралар бағдарламасы

Табиғи монополия саласын құрылымдық қайта құру бағдарламасы

ТҰЖЫРЫМДАМАЛАР

I. Бекітілгендері (мақұлданғандары)

Шикізат саясатының тұжырымдамасы ("Қазақстан Республикасының шикізат саясатының тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 7 желтоқсандағы N 1381 қаулысымен бекітілген)

Ұзақ мерзімді қорғаныс бағдарламасын қалыптастыру мен орындаудың тұжырымдамасы ("Қазақстан Республикасы Қарулы күштерін материалдық-техникалық жабдықтау жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 28 маусымдағы N 1775 Жарлығымен бекітілген)

Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібін ұзақ мерзімді кезеңге дамытудың тұжырымдамасы ("Қазақстан Республикасы Қарулы күштерін материалдық-техникалық жабдықтау жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 28 маусымдағы N 1775 Жарлығымен бекітілген)

Қазақстан Республикасында фармацевтика өнеркәсібін дамыту тұжырымдамасы ("Қазақстан Республикасының Фармацевтік өнеркәсібін дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 18 қарашадағы N 1149 қаулысымен бекітілген)

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-мәдени дамуының тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық Кеңес мақұлдаған, 1993 жылғы 17 қарашадағы N 3 хаттама)

Өтпелі кезеңге арналған ішкі сауда саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Премьер-министрі бірінші орынбасарының 1995 жылғы 29 наурыздағы N 26-28/4038 қарарымен мақұлдаған)

Халық көші-қонының мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамасы ("Халық көші-қонының мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 11 қаңтардағы N 34 қаулысымен бекітілген)

Қазақстан Республикасы өнеркәсіп саясатының орта мерзімдік болашаққа арналған тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Төралқасы мақұлдаған, 1995 жылғы

31 мамырдағы N 15 хаттама)

II. Өзірленіп жатқандары

Қазақстан Республикасының жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау тұжырымдамасы (негізгі ережелер)

Сыртқы экономикалық саясат тұжырымдамасы

Қазақстанның электр энергетикасын 2000 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы

Ғылыми-технологиялық даму тұжырымдамасы

Экономиканы тұрақтандыру кезеңінде еңбекке ақы төлеуді реформалаудың негізгі бағыттары

Мемлекеттік монополияға қарсы және баға саясатының тұжырымдамасы

Тұтынушылар құқын қорғаудың мемлекеттік жүйесінің тұжырымдамасы

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 21 маусымдағы
N 852 қаулысына
2 қосымша

Қазақстан Республикасының 1996-2000 жылдарға арналған экономикалық және әлеуметтік дамуының индикативтік жоспарының жобасын жасау үшін
Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне берілетін болжамдық және бағдарламалық-мақсаттық құжаттар мен материалдардың
Тізбесі

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Алдағы бес жылға арналған бюджет пен салық саясатының негізгі бағыттары, тұтас алғанда елдің бюджеті мен қаржы жүйесінің тепе-теңдігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар

1996-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерін бағалау көрсеткіштері

Субвенцияларға сұранымның есебі және оларға мұқтаж аймақтардың тізбесі

Сақтандыру нарқы дамуының болжамы

Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия

Экономиканың қаржы секторын дамытудағы бағалы қағаздар ролін арттыру жөніндегі шараларды айқындай отырып, олардың нарқын дамытудың, инвестициялық қызметті кеңейтудің мүмкіндіктерін жасаудың болжамы

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі

Еңбек нарқын дамытудың 1996-2000 жылдарға арналған болжамы (жылдарға бөле отырып)

Халықтың көші-қон процесін реттеудің бағдарламалық-нысаналық бағыттары

Халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі болжамды шаралар

Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Еңбекке жарамсыз халықты әлеуметтік қорғау, халықтың аз қамтылған жіктерін нысаналы қолдауды қамтамасыз ету жөніндегі 1996-2000 жылдарға арналған болжамды шаралар

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен
Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті

Мемлекеттік меншікті одан әрі қайта құру жөніндегі ұсыныстар, оған:

мемлекеттің тікелей қарамағында және иелігінде сақталатын

меншікті (экономика аялары мен салалары бойынша) анықтау;
меншіктің мемлекеттік үлесін меншіктің аралас нысанындағы
құрылымдар мен компанияларда тиімді пайдалану жөніндегі
шаралар;
қайта құрылған кәсіпорындарды жекешелендіргеннен кейін
қолдаудың әдістері мен нысандарын дамыту;
әлеуметтік сала объектілерін жергілікті әкімшіліктердің
балансына өткізу енеді

Қазақстанның Мемлекеттік даму банкі, Қазақстан
Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт
банкі және Мемлекеттік Тұрғын үй құрылысы банкі

Тиісті аялар мен салалар бойынша жылдарға және қалыптасу
көздеріне қарай бөле отырып, орталықтандырылған мемлекеттік
инвестициялық ресурстар жөніндегі болжам (үкімет кепілдігіне
алынатын шетелдік кредиттерді қоса алғанда)

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті
жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі
комитет

Есептелген көлемін, нысандарын, көздері мен тарту шарттарын көрсете отырып,
шетелдік капиталды тартудың экономика салалары бойынша болжамы

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй
және аумақтарда құрылыс салу министрлігі

"Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығына сәйкес облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен бірлесе отырып,
әзірленген республикадағы тұрғын үй мен коммуналдық құрылыс жоспарының
жобасына ұсыныстар

Құрылыс материалдары өнеркәсібін және құрылыс индустриясын

дамыту жөніндегі облыстардың әкімдерімен, тиісті республикалық және аумақтық компаниялармен, акционерлік қоғамдармен және кәсіпорындармен келісіліп жасалған ұсыныстар

Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі

Ұлттық ғылым академиясымен, мамандандырылған академиялармен, басқа да ғылыми мекемелермен бірлесіп жасалған еліміздің ғылыми-технологиялық дамуының басымдықтары мен болжамы

Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті

Монополиясыздандыру мен бәсекені дамыту, тұтынушылар құқын қорғау жөніндегі шаралар бағдарламасы, сондай-ақ баға саясатын жетілдіру жөніндегі ұсыныстар

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

Денсаулық сақтау жүйесін одан әрі реформалау және

нығайту, медицина өнеркәсібін, медициналық сақтандыруды, жеке медициналық тәжірибені және ақылы қызметті қалыптастыру мен дамыту жөніндегі шаралар бағдарламасы

Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі

Мәдениетті өркендету саласындағы стратегия мен саясат, көпұлтты мемлекет жағдайында мәдени ортаны құру, мемлекеттік мүдделерді және саланың кәсіпорындары мен мекемелерін орынды коммерциялауды үйлестіру жөніндегі ұсыныстар

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі

Мемлекеттік емес білім беру секторының дамуын ескере отырып, жоғарғы оқу орындарының жүйесі мен құрылымын қолайластыру жөніндегі 1996-2000 жылдарға арналған ұсыныстар

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы
Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитет

Мемлекеттік резерв құрамына енгізілетін материалдық құндылықтардың номенклатурасы мен жинақталу нормалары жөніндегі ұсыныстар

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері әскерлерінің тектері мен түрлерінің жеткіліктілігін және реформалау жоспарын айқындауды ескере отырып, қорғаныс мұқтажына қажетті материалдық-техникалық ресурстар мен бюджеттік қаражатқа сұранымның болжамы

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда
министрлігі, Энергетика және көмір өнеркәсібі
министрлігі, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі,
Ауыл шаруашылығы министрлігі

Өнеркәсіптің тиісті салаларын, ауыл шаруашылығын, ішкі және сыртқы сауданы дамытудың басым бағыттары

Өздерінің алдында тұрған нысаналы міндеттер мен түбегейлі проблемаларды шешудің нысандары мен әдістері жөніндегі ұсыныстар (отандық тауар өндірісін дамыту, экспорттық мүмкіндіктерді кеңейту және нақты сыртқы нарыққа шығу, ішкі тұтыну нарқын қанықтыру, технологиялық қайта құру, еліміздің энергетикалық тәуелсіздігіне қол жеткізу және т.б.).

Өнімнің аса маңызды түрлері бойынша конъюктуралық болжам, соның ішінде: а) экспорттық әлеуеттің негізін құрайтыны; ә) стратегиялық тауарлар; б) азық-түлік ресурстары;

в) жаңа жоғары технологиялық, ғылыми қамтымды және с.с. тұтыну құны жоғары азық-түлік тауарлар

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

Экономиканы мемлекеттік реттеу бойынша 1996-2000 жылдары әзірлеуге жататын заң актілері жобаларының тізбесі жөнінде министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп жасалған ұсыныстар

Сыртқы істер министрлігі

Халықаралық шаралар өткізуге кететін шығыстар мен Қазақстан Республикасы мүше болып табылатын халықаралық ұйымдарға жыл сайынғы жарналарды төлеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шетелдердегі дипломатиялық өкілдіктерін ұстауға кететін шығыстардың болжамды деректері.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК